«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталып, Ереженің негізінде әрекет ететін бастық Ермагамбетов Дамир Максұтович тұлғасында, бірінші тараптан, және «QAZAQSTAN APPAREL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, Жарғы негізінде әрекет ететін директор Дюсембин Ислям Ихсанович тұлғасында, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының (бұдан әрі - Заң) 16-бабы 3-тармағының 3-тармақпасы негізінде, сондай-ақ Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің «Алматы қаласы Медеу ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» 2025 жылғы 9 қыркүйектегі № 2 шешімінің негізінде, Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің 2025 жылғы 9 қыркүйектегі № 168 «Алматы қаласы Наурызбай ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» шешімі негізінде, Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімінің 2025 жылғы 12 қыркүйектегі № 2 «Алматы қаласы Түркісіб ауданы аумағында объектілік ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» шешімі негізінде, Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің 2025 жылғы 2 қазандағы № 189 «Алматы қаласы Бостандық ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» шешімінің негізінде, «Шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу» тәсілімен тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

### 1. Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді:

**003-015-414 «Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу (спорттық жабдықтарды)» ерекшелігі бойынша.**

1.2 Төменде келтірілген құжаттар мен онда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

- 1) осы шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

### 2. Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа 1-қосымшада айқындалады және **648 259 008** (алты жүз қырық сегіз миллион екі жүз елу тоғыз мың сегіз) теңге **36** тиынды құрайды және Тауарларды жеткізуге байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС **89 415 035** (сексен тоғыз миллион төрт жүз он бес мың отыз бес) теңге **64** (алпыс төрт) тиынды (бұдан әрі - Шарт сомасы) қамтиды.

2.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт әкімшілік коды **387** бойынша тіркелуге жатады: апаттық жағдайлар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы өкілетті органдардың, Азаматтық қорғаныс органдарының территориялық органы, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінен қаржыландырылатын, бюджеттік бағдарлама **003** Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстары **015** Жергілікті бюджет есебінен, ерекшелігі **414** «Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу» – 2026 жылға **648 259 008** (алты жүз қырық сегіз миллион екі жүз елу тоғыз мың сегіз) теңге **36** тиын, оның ішінде ҚҚС тіркеуге жатады.

2.3 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарды жеткізген кезде Тараптар жүкқұжатқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырады. Шарт күшіне енгеннен кейін, Тапсырыс беруші Шартқа 1-қосымшаға сәйкес мөлшерде аванстық төлем жүргізеді. Қалған соманы Тапсырыс беруші бұрын төленген авансты барабар ұстау ескеріле отырып, көрсетілген қызмет актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы төлейді. Егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде болса, Тапсырыс беруші шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 (елу) пайыз мөлшерінде аванстық төлем жүргізеді. Егер өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген болса, тауарларды жеткізу үшін толық ақы төлеу мерзімі осы шарт бойынша міндеттемелерді орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспауға тиіс.

2.4 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.5 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

- 1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;
- 2) жүкқұжат;
- 3) тауарды (тауарларды) қабылдап алу-беру актісі (актілері);
- 4) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура.

### **3. Тараптардың міндеттемелері**

3.1. Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа 2-қосымшада (техникалық ерекшелік) көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Тауарларды түпкілікті межелі пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орамын қамтамасыз етуді. Орам қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремальды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Буып-түйілген жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың талаптарын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс.

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген қандай да бір құжаттарды және ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

7) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді;

8) Тауарларды қабылдау-беру актісін қағаз жеткізгіште ресімдеуге және Тапсырыс берушіге қол қоюға жіберуге міндетті;

9) Тапсырыс беруші тауарды (тауарларды) қабылдап алу-беру актісіне қол қойылғаннан кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2. Өнім беруші:

- 1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;
- 2) Тапсырыс берушімен алдын ала жеткізу мерзімін келісе отырып, Шартқа 1-қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

### 3.3. Тапсырыс беруші:

1) Тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;  
2) Аванстық төлем жіберілгеннен кейін Өнім берушіге 10 (он) жұмыс күні ішінде тауарлардың өлшемдік қатарын көрсете отырып, өтінім беруге міндетті. Кідіріс болған жағдайда жеткізу мерзімі кідіріске сәйкес ауысады.

3) Тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаха хабарландыруға;

4) тауарды қабылдау кезінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 587-тармағында белгіленген мерзімдерде тауарды қабылдау-беру актісіне қол қоюға не оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші не сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

5) тауарды (тауарларды) қабылдап алу-беру актісі қол қойылғаннан кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

6) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

### 3.4 Тапсырыс беруші құқылы:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

## 4. Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерулер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2. Осы Шарт шеңберінде жеткізілген тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3. Егер тексеру кезінде жеткізілген тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап сәйкессіздіктерді жою мерзімі ішінде қолданады.

4.4. Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) тауарлардың түпкілікті межелі пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5. Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

## 5. Тауарды жеткізу және құжаттама

5.1. Өнім беруші Тауар межелі пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе көрсетілген белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында

танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері немесе дайындаушы зауыт берген өзге құжат;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты/сәйкестігі туралы декларация/ мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ұлттық режимнен алып қою белгіленсе, онда "Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 27 тамыздағы № 327 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 28 тамызда № 36717 болып тіркелген) бекітілген (бұдан әрі - Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінен үзінді көшірме ұсынылады.

Егер шетелдік тауар шығарылған болса, онда тауарды әкететін ел (одақ) біржақты тәртіппен белгілеген қолданыстағы (ратификацияланған) халықаралық келісімдердің (шарттардың) және (немесе) "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) талаптарына сәйкес әкелу елінің уәкілетті органы (ұйымы) берген тауардың шығу тегі туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі ұсынылады.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ұлттық режимнен алып тастау белгіленген бағдарламалық қамтылым санатына жатқызылған тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға қолданылмайды.

5.2. Тауарға меншік құқығы және кездейсоқ опат болуы, Тауардың жоғалуы немесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3. Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4. Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

## **6. Кепілдіктер. Сапа**

6.1. Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне, авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тапсырыс беруші тауарды қабылдау-беру актісін алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы Шарт бойынша актідегі ақпаратты толтырады және оған қол қояды не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, тауарды қабылдаудан бас тартады.

Тапсырыс беруші жеткізілген тауарды қосымша зерделеу қажет болған кезде хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген іс-қимылдарды орындайды, бұл туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушіге хабарлайды.

6.3. Егер сатып алынатын тауарды дайындаушы зауыт немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, жеткізілетін тауар үшін кепілдік кезеңі осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес айқындалады. Ауыстырылған немесе жөнделген тауардың кепілдік мерзімі жаңа тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауардың ақауларын жою, ауыстыру, оның ішінде кедендік тазартумен байланысты барлық шығындарды жеткізуші де көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюдың кешігуі жеткізушінің кінәсінен орын алса, онда кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

## 7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2. Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, онда Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-нан аспауға тиіс.

7.3. Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айышпұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айышпұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 (он бес) пайызынан аспауға тиіс.

Егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде болса, онда тұрақсыздық айыбының (айышпұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайыздан аспауға тиіс.

7.4. Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айышпұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5. Тұрақсыздық айыбын (айышпұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6. Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, онда Шарт сомасы немесе тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7. Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

## **8. Шарттың қолданылу мерзімі және оны бұзу талаптары**

8.1. Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 31.12.2026 жылға дейін қолданылады.

8.2. Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғайтын Шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3. Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір басқа санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы хабарлама жіберіп:

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4. Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда:

1) Өнім беруші жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда;

2) Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған;

3) қайта ұйымдастыруды, не жеке тұлға болып табылатын өнім берушінің қайтыс болуын қоспағанда, тапсырыс беруші немесе заңды тұлға болып табылатын өнім беруші таратылған не банкрот болған жағдайда;

4) Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті құқық қабілеттілігін жоғалтқан, Өнім беруші қайтыс болған (соттың хабар-ошарсыз кетті деп тануы немесе қайтыс болды деп жариялауы) жағдайда;

5) негізінде шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 7-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған жағдайда;

6) ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының осы Заңда көзделмеген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде өнім берушіге жәрдем көрсетуі анықталған жағдайда;

7) осы орынсыздықтың себептерін егжей-тегжейлі негіздей отырып, шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда;

9) орындалуы шартты бұзуды талап ететін заңды күшіне енген сот актісі бойынша кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін.

## **9. Хабарлама**

9.1. Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама ақысы төленген тапсырыс хатпен немесе телеграф, телекс, факс, телефакс арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

## **10. Форс-мажор**

10.1. Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілікте болмайды.

10.2. Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3. Шарт мақсаттары үшін "форс-мажор" Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4. Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

### **11. Даулы мәселелерді шешу**

11.1. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2. Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

### **12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**

12.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды тікелей немесе жанама түрде кез келген тұлғаларға төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

12.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар пара беру/алу, коммерциялық пара беру сияқты осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

12.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа тараптың өкілдерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке салатын және осы қызметкердің оны ынталандыратын пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

12.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

12.5. Жазбаша хабарламада Тарап пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру, сондай-ақ қолданылатын заңнама мен халықаралық талаптарды бұзатын іс-әрекеттер ретінде қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде көрініс табатын, контрагенттің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны болғанын немесе орын алуы мүмкін екенін растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды беруге міндетті Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы актілер.

12.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болғызбау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

### **13. Басқа шарттар**

13.1. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

13.2. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

13.3. Заңның 18-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда, өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да талаптардың өзгермеуі жағдайында жасалған шартқа өзгерістер енгізуге жол беріледі.

Бұл ретте, егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген болса, Шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарды шетелдік шығарылған тауарлармен ауыстыруға жол берілмейді.

13.4. Тараптардың бірінің міндеттерін шарт бойынша беруге қайта ұйымдастырылған жағдайда құқықтық мирасқорлықты қоспағанда жол берілмейді.

13.5. Шарт бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

13.6. Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

#### 14. Тараптардың деректемелері

##### «Тапсырыс беруші»

«Қазақстан Республикасы Төтенше  
жағдайлар министрлігі Алматы  
қаласының Төтенше жағдайлар  
департаменті» ММ  
Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 300  
БСН 960740000618  
БСК ККМФКЗ2А  
ЖСК KZ32070102KSN6001000  
«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық  
комитеті» РММ  
Тел.: 8 (7272) 79-92-45

##### «Жеткізуші»

«QAZAQSTAN APPAREL»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
Қазақстан Республикасы,  
Астана қаласы, Алматы ауданы,  
А көшесі, 6-ғимарат  
БСН 170540020184  
ЖСК KZ288562203150445307  
«Банк ЦентрКредит» АҚ  
БСК КСІВКЗКХ,  
БЕК 17  
Байланыс телефоны: +7 701 111 10 62

Басшы



Ермагамбетов Д.М.

Директор



Дюсембин И.И.

**Лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты**

№ р/б	Тауардың атауы	Өлш. бірлігі	Саны	Бір бірліктің бағасы, теңге ҚҚС-мен	Барлық сомасы, теңге ҚҚС-мен	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі
1.	Нысанды киім жиынтығы	Жинақ	1805	307 400,00	554 857 000,00	DDP Алматы қ., Рысқұлов даңғылы 91	20.11.20 26 ж. дейін
2.	Альпинистік жабдықтар жиынтығы	Жинақ	68	1 373 559,00	93 402 009,00	DDP Алматы қ., Рысқұлов даңғылы 91	20.11.20 26 ж. дейін
<b>ЖАЛПЫ</b>					<b>648 259 009,00</b>		
* Ескертпе: Тапсырыс беруші шарт сомасының 30% мөлшерінде аванстық төлем жүргізеді.							

Басшы



Ермагамбетов Д.М.

Директөр



Дюсембин И.И.

Техникалық сипаттама

**Нысанды киім жиынтығы**

1 Жазғы арнайы киім (жинақ: куртка + шалбар)  
 Жазғы арнайы нысанды киім: камуфляжды куртка + Мультикам арналған түсті шалбар  
 Жинақ: 1) тікелей силуэт күрте-1 дана. 2) тігілген белбеуі бар, бүйір қалталары және 3D қалталары бар шалбар — 1 дана.

Нормативтік талаптар: КО ТР 019/2011, ГОСТ 24870-81 талаптарына сәйкестігі.

Өнімге қойылатын талаптар: арнайы форма ГОСТ 23167-91 көзделген екінші және үшінші толыққанды топтардың үлгілік фигураларына 88-ден 128 см-ге дейінгі кеуде шеңбері бойынша өлшемдері бойынша дайындалуы керек (кесте. 1.1), биіктігі бойынша 158-ден 188 см-ге дейін (кесте. 1.2)

кесте 1.1

Кеуде шеңбері, см											
88	92	96	100	104	108	112	116	120	124	128	
Бел шеңбері, см											
70	74	78	82	86	90	94	98	102	106	110	
76	80	84	88	92	96	100	104	108	112	116	

кесте 1.2

Үлгі фигураның өсуі	Әскери қызметшінің өсу аралығы
158	От 155 - 161 қоса алғанда
164	От 161 - 167 қоса алғанда
170	От 167 - 173 қоса алғанда
176	От 173 - 179 қоса алғанда
182	От 179 - 185 қоса алғанда
188	От 185 - 191 қоса алғанда

Тапсырыс берушінің талабы бойынша кестеде көзделмеген өлшемдер мен өсінділер бұйымдарын дайындауға жол беріледі. 1.1 және 1.2. Өлшемдері: Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша (мөлшері/өсуі).

**Куртка мен шалбар материалы:**

Ripstor матасы: 65% полиэстер, 35% мақта. Беттік тығыздығы: 250 ± 10 г/м2.

Куртка мен шалбар камуфляж түсті "Рип-Стоп" матасынан жасалған – Мультикам.

Тапсырыс берушінің келісімі бойынша сапасы бойынша жоғарыда көрсетілген құрамнан кем емес және бағаның өсуіне әкеп соқпайтын басқа да материалдарды қолдануға жол беріледі.

**Сындарлы талаптар:**

Орталық ішкі борттық сыдырма ілгегі және тоқыма ілгектеріне ілінетін желден қорғайтын жолағы бар түзу силуэт күрте.

Кіреберіс сызығы көлбеу парақшаға төс ойық қалталары бар қамыттары бар сөрелер. Қалталар тоқыма бекіткішіне бекітіледі (бекіткіштің жұмсақ жағы жапырақтардың ішкі жағына орнатылады), ені 3,0 см өрілген ұстағыштары бар.

13,5\*3,0 см төсбелгілерді бекіту үшін қамыттарды тігу тігістерінің үстіне тоқыма бекіткіштер (жұмсақ бөліктер) тігілген.

Тіреуіш жағасы, сол жағында жотасы бар және тіректі ашық күйінде бекіту үшін қосымша реттелген тоқыма бекіткіші бар.

Толық емес төсемдегі сөрелер бел сызығынан төмен. Сөрелер төсемінің төменгі бөлігінде тоқыма бекіткішіне бекітілген қалталар реттелген.

Иық пышақтарының аймағында қосымша қозғалыс еркіндігі үшін артқы жағы қамыттан төменге дейінгі рельефтермен, жоғарғы бөлігінде тереңдігі кемінде 3 см қатпарлар төселген.

Жеңдер шынтақ аймағында трапеция тәрізді күшейткіш төсемдері бар екі тігісті.

Жеңдердің түбі тұтас кесілген манжеттермен, ені бойынша реттелетін тоқыма бекіткіші бар бұйра паттармен.

Екі жеңнің сыртқы жағында жеңді ойықпен жалғау тігісінен 12,0 см қашықтықта жеңдік белгілер мен ҚР ТЖМ тиесілілігінің айырым белгілерін орнату үшін ені 81 мм ұзындығы 90 мм тоқыма бекіткіштері (түкті бөлігі) орнатылды.

Саңылаудың астындағы бүйір тігістерде желдеткіш саңылаулардың рөлін атқаратын торлы матадан жасалған саңылаулар бар.

Бекіткіші бар тік кесілген шалбар гульфик ілгекке найзағай, кең белбеуі және белдік ілмектері бар. Белде белдік бүйірлік тігістер аймағында серпімді өріммен қосымша реттеледі. Белбеуде өлшеміне байланысты қос әрлеу тігістері бар 5-7 Ілмек орнатылады.

Алдыңғы жартылардың кесу бөлігінде төменгі жағында арматурасы бар екі жоғарғы бүйір қалта бар, олардың астында бүйірлік тігістер бойымен бір жақты бүктемелері бар, клапандары велкро тоқыма бекіткішіне бекітілген. Орындық тігісінің екі жағындағы артқы жартысында велкро өріміне бекітілген бұйра клапандары бар парақшасы бар кесілген қалталар өңделеді.

Бүйірлік және қадамдық тігістерде төрт анатомиялық дартпен тізе аймағында күшейткіш төсемдері (тізе жастықшалары) бар алдыңғы жартылар. Ортанғы тігіс аймағында күшейткіш төсемдері бар артқы жартылар. Шалбардың төменгі жағы тігіспен өңделеді.

**Жеткізушіге қойылатын талаптар**

Тауар базиске жеткізілген кезде міндетті түрде сәйкестікті растауға жатпайтын тауарларды қоспағанда, өнім беруші куәландырған тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (Сәйкестік сертификаты/сәйкестік туралы декларация/мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесімен қоса беріледі

Тауарды және немесе тауар партиясын атаулары бойынша мерзімінен бұрын жеткізуге жол беріледі.

Қаптама: әр бұйымның жеке қаптамасы; Ылғалдан/ластанудан қорғауды қамтамасыз ететін көлік қаптамасы.

Жинақтың әр бірлігі жапсырмамен бірге жүруі керек.

2 Қысқы арнайы нысанды киім (камуфляжды күрте + Мультикам түсті шалбар)  
Жинақ: 1) тікелей силуэт күрте-1 дана. 2) тігілген белбеуі бар, бүйір қалталары және 3D қалталары бар шалбар — 1 дана.

Нормативтік талаптар: КО ТР 019/2011, ГОСТ 24870-81 талаптарына сәйкестігі.

Тауарға қойылатын талаптар

Арнайы форма ГОСТ 23167-91 көзделген екінші және үшінші толыққанды топтардың үлгілік фигураларына 88-ден 128 см-ге дейінгі кеуде шеңбері бойынша өлшемдері бойынша дайындалуы керек (кесте. 1.1), биіктігі бойынша 158-ден 188 см-ге дейін (кесте. 1.2)

кесте 1.1

Обхват груди, см											
88	92	96	100	104	108	112	116	120	124	128	
Обхват талии, см											
70	74	78	82	86	90	94	98	102	106	110	
76	80	84	88	92	96	100	104	108	112	116	

кесте 1.2

Үлгі фигураның өсуі	Әскери қызметшінің өсу аралығы
158	От 155 - 161 қоса алғанда
164	От 161 - 167 қоса алғанда
170	От 167 - 173 қоса алғанда
176	От 173 - 179 қоса алғанда
182	От 179 - 185 қоса алғанда
188	От 185 - 191 қоса алғанда

Тапсырыс берушінің талабы бойынша кестеде көзделмеген өлшемдер мен өсінділер бұйымдарын дайындауға жол беріледі. 1.1 және 1.2. Өлшемдері: Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша (мөлшері/өсуі).

**Куртка мен шалбар материалы:**

Ripstop матасы: 65% полиэстер, 35% мақта. Беттік тығыздығы:  $250 \pm 10$  г/м<sup>2</sup>. Беттік тығыздығы:  $250 \pm 20$  г/м<sup>2</sup>.

Оқшаулау: Тинсулейт

Ішкі төсем: жүн, полиамид

Куртка мен шалбар каммуфляж түсті "Рип-Стоп" матасынан жасалған - мультикам.

Тапсырыс берушінің келісімі бойынша сапасы бойынша жоғарыда аталған материалдан кем емес және бағаның өсуіне әкеп соқпайтын басқа да материалдарды қолдануға жол беріледі.

**Сындарлы талаптар:**

Екі жүгіргіші бар найзағай ілгегі бар орталық бүйірлік бекіткіші бар түзу силуэтпен оқшауланған Куртка.

Жеңдер ойық ойыққа тігілген, артқы және сөре жағынан ойықтан ойықтары бар. Жоғарғы алдыңғы жағында сыдырма жақтау қалталары бар. Шынтақ аймағындағы артқы жағында қозғалыс еркіндігі үшін эргономикалық қатпарлары бар кардурадан (шынтақ) кесу және кірістіру. Төменгі жағындағы жеңнің ені шынтақ буынына оралған "велкро" өрімі арқылы бұйра кардура патасымен реттеледі. Жеңнің төменгі жағы кардурадан жасалған штангамен бұралған. Жеңнің ішінде тоқылған матадан жасалған ұзартылған манжет бар жүн бас бармаққа арналған ойықтары бар мультфильмдерге арналған түстер. Екі жеңнің сыртқы жағында жеңдік белгілерді орнату үшін ұзындығы 9 см және ені 8 см тікбұрышты пішінді тоқыма бекіткіштер (түкті бөлік) орнатылады.

Иық аймағында кокеттер-кардурадан жасалған погондар. Ілмектері бар сөрелер, төсбелгі тәрізді симметриялы көлбеу қалталары бар, ортасында ұстағыштары бар велкро өріміне бекітіледі. Кокет сызығы бойынша төсбелгілерді бекіту үшін өлшемі  $13,5 \times 3,0$  см тоқыма бекіткіштер (түкті бөлік) тігілген.

Екі сөреде де желден қорғайтын клапандар велкро өрімімен бекітілген. Оң жақ сөреде бүкіл ені бойынша 0,5 см тігілген ішкі қорғаныс клапаны (найзағайдан қорғау) бар. Желден қорғайтын клапанның астындағы сол жақ сөреде тік сыдырма қалта бар.

Жағасы велкро өріміне сорғышты бекітуге арналған қалталары бар тірек. Екі бөліктен тұратын тұтас кесілген күнқағары бар алынбалы оқшауланған сорғыш, жолақпен жабылған мойынға бекітіледі, резеңке Шнур мен бекіткіштердің көмегімен көлемі бойынша және алдыңғы бөлігі бойынша артқы жағынан реттеледі.

Бел сызығынан төмен кесілген оқшауланған куртка төсемі. Артқы және сөренің жоғарғы бөлігі тоқылған матадан (мультфильмдерге арналған жүн), жеңдер мен астыңғы матадан жасалған. Жамбас деңгейінде желден қорғайтын белбеу (үшу бөлігі) төменгі жағынан серпімді өрімге тартылып, подборгтардағы қалталарға бекітіліп, алдыңғы жағынан тоқыма бекіткішіне бекітіледі.

Сөрелердің астарында негізгі матадан жасалған, сыдырма түймелері бар тордан жасалған симметриялы қалталар бар.

Артқы жағы ұзартылған, түбінде дөңгелектелген, тігілген қамытпен, қамыттан рельефтермен, төменгі бөлігінде кардурадан кірістіру-күшейту. Пиджактың түбі бұралумен өңделеді, бұралудағы бүйір тігістердегі ілгектер мен бекіткіштердің көмегімен Лю реттеу үшін резеңке сымды бұрау үшін тігіс салынады.

Муж арналған шалбар кең белбеуі 5 см, артқы жағында 14 см биіктікте кең резеңкеде кеңейтілген. Бекіткіш гульфик найзағай және үлкен d30 ММ. белбеудегі өрімге тігілген түйме. Алдыңғы жартысының жоғарғы жағында көлемді портфолио қалталары (қалтаның төменгі жағындағы бүктеме) өрілген найзағай жақтауға өңделген. Қалта жақтауларының жоғарғы жағында кардурадан жасалған қорғаныс қалталары, жүгірткілерде негізгі матадан жасалған сырғытпалар бар. Тізе аймағында дартс есебінен көлемді кардурадан күшейткіштер (бүйірлік және қадамдық тігістерден екеуі).

Артқы жартысы үш бөліктен тұрады. Жоғарғы жағы кардурадан, ортаңғы және төменгі бөліктің түйісу тігісіне эргометриялық дартс салынған. Бүйірлік тігістер екі жүгіргіші бар ажыратылатын найзағай арқылы толығымен ашылады. Бекіткіш тұрақтылық үшін шетіне өрілген арнайы түйреуіштермен өңделеді. Алдыңғы жартысы жағынан найзағай астында

желден қорғайтын клапандар 0,5 см тігілген. бүкіл ені бойынша. Жоғарғы жағында клапан алдыңғы жағына бүгіліп, жүгірткіге арналған қалта жасайды, ал төменгі жағында артқы жартысына бекітуге арналған түймесі бар. Қадамдық тігістердің төменгі жағында кардурадан қорғаныс бөлшектері бар. Төменгі жағы ені 3 см кең жиекпен жиектелген, сонымен қатар шалбар төсемінің төменгі жағы жоғарғы матадан жасалған кең бөлшектермен нығайтылған. Төменгі жағындағы шалбардың ені велкро өрімі мен түйменің көмегімен кардурадан жасалған бұйра паталармен және ішіндегі ілгектер мен бекіткіштер арқылы шығарылған резенке сыммен реттеледі. Артқы жартылардың орташа бөліктері 0,7 см. шетінен, қалған тігістер мен қалталар 0,2 см.

